



«Кселл» АҚ

Алматы, 15 наурыз 2024 жыл. «Кселл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Кселл» немесе «Қоғам») (KASE, KCEL) - Қазақстанның телекоммуникациялық нарығындағы көшбасшы операторлардың бірі, 2023 жылғы қаржылық нәтижелер туралы хабарлайды.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша еліміздің ірі мобильді операторы «Кселлдің» таза табысы 33 млрд теңгені құрады. Бұл туралы бүгін Қазақстан қор биржасының алаңында өткізілетін дәстүрлі «Эмитент күні» барысында компанияның Басқарма Төрағасы Асхат Утбаев мәлім етті. Ұсынылған шоғырландырылған есептілікке сәйкес өткен жылдың 12 айы мен 4 тоқсаны ішінде «Кселл» барлық негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер бойынша өсімді көрсетіп, бұл компанияның акционерлік құнының өсуіне де әсер етті.

Оператор басшысы Асхат Утбаев «Эмитент күнінде» компанияның 2023 жылды айтарлықтай оптимистік көрсеткіштермен жабатынын хабарлады. Атап айтқанда, «Кселл» компаниясының жалпы кірісі өткен жылдың 12 айында 227,5 млрд теңгені құрап, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,83% -ға өсті. Сонымен қатар, сервистік кіріс шамамен 10%-ға артып, 190млрд теңгеден асты, EBITDA көрсеткіші біржолғы шығындарды есептемегенде 4,6% - 95 млрд теңгеге өсті, ал EBITDA бойынша рентабельділік 41,8% құрады. Сонымен қатар, өткен жылдың қорытындысы бойынша компания 33 миллиард теңгеге жуық таза пайда алды, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 7,5 миллиард теңгеге аз болып шықты. Бұл «Кселлде» өз желісін дамыту мен жаңартуға жұмсалатын күрделі шығындардың айтарлықтай өсуімен, сондай-ақ бесінші буын байланыс технологиясын өрістетуге салынған орасан зор инвестициялармен байланысты.

«Расында да, өткен жыл компания үшін 5G желісін өрістетудегі өзіндік трамплинге айналды, 2023 жылы біз жаңа технология бойынша базалық станцияларды орнату қарқынын белсенді түрде арттырып, желтоқсанға қарай станциялардың жалпы санын еліміздің 17 қаласында 480 данаға жеткіздік. Оның үстіне көптеген қалаларда біз базалық станциялар саны бойынша лицензиялық міндеттемелерімізден оздық. Бұл бізге барлық заманауи телекоммуникациялық қызметтермен және жарты миллионға дейінгі қазақстандықтарды 5G базасындағы цифрлық сервистермен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жаңа байланыс технологиясын жеделдету мақсатында біз алдыңғы LTE технологиясын ұмытқан жоқпыз, қалаларда да, ауылдарда да қазақстандықтарды географиясы мен тұратын жеріне қарамастан барлық телеком-қызметтермен қамтамасыз ету үшін базалық станцияларды белсенді жаңартып, орнатып отырмыз», - деп атап өтті **«Кселл» АҚ Басқарма Төрағасы Асхат Утбаев** ұсынылған қаржылық есептілікке түсіндірме бергенде.

Ауылдық жерлерге келетін болсақ, өткен жылы компания ауыл тұрғындарын ұялы байланыс пен интернеттің сапалы қызметтерімен қамтамасыз ету үшін республикада 368 базалық 4G станциясын іске қосты. Олардың бір бөлігі «250 +» мемлекеттік бағдарламасы аясында, ал бір бөлігі 2023-2024 жылдарға арналған желіні дамыту бағдарламасы бойынша орнатылды. Бұдан басқа, өткен жылы «Кселл» Private LTE деп аталатын жобаларды белсенді дамытып, бірқатар алпауыт кәсіпорындар, негізінен тау-кен секторы үшін тұйық желі құрып, ПМ-мен кооперацияда республикалық деңгейде «Цифрлық полиция» жобасын іске асырды, сондай-ақ 5G технологиясы базасында өзінің жаңа жобасын - алдын ала тапсырыс берген кезеңде әлеуетті абоненттерден 2 мыңнан астам өтінім алған «Kcell Auleti» үй интернетін іске қосты.

«Өткен жылғы шығындардың айтарлықтай өсуіне қарамастан, біз бұрынғы кезеңдердегі сияқты қаржылық тұрақтылықты қолдау, борыштық жүктеме көрсеткішін жақсарту, Борыш/ЕБИТДА және Қарыз/Меншікті капитал арақатынасына көп көңіл бөлдік. Бұл ретте біз қарыз капиталына еркін қол жеткіздік, бұл оның ішінде Fitch Ratings-тен BB + деңгейіндегі айтарлықтай жоғары халықаралық кредиттік рейтинг есебінен де қамтамасыз етілді, болжамы «Тұрақты». Жалпы алғанда, Кселлдің нарықтағы позициясы мықты, леверидж деңгейі салыстырмалы түрде төмен және ақша ағыны жақсы деген ойдамын. Ал 4-тоқсанға келетін болсақ, біз операциялық және қаржылық көрсеткіштеріміздің оң даму динамикасын сақтап қалдық. 2023 жылдың соңғы 3 айында кірістің өсімі 12,98% (62 178 млн теңге) құрады, біржолғы шығындарды есептемегенде ЕБИТДА көрсеткіші 34,7% -ға өсіп, 27,9 млрд теңгені құрады. FCF көрсеткіші 6,6 млрд теңгені құрады», - деді «Кселл» АҚ бас қаржы директоры Дамир Муллашев.

Әрине, компанияның өткен жылғы тағы бір жетістігі Қазақстандағы ең жылдам мобильді интернеті бар «Кселл» операторы ретінде танылуы болды. Speedtest платформасында шамамен 600 мың өлшеу қорытындысы бойынша Ookla мобильді және кең жолақты желілерін зияткерлік талдау саласындағы әлемдік көшбасшы осындай қорытындыға келді. Өткен жылдың екінші және үшінші тоқсандарында «Кселл» желісіндегі интернет жылдамдығы республикадағы ең жоғары нәтижені көрсетті - 67,35 Мбит/с.

«Мұндай мойындау - біздің бесінші буын байланыс стандартын өрістету бағытындағы күш-жігеріміздің ғана емес, сонымен қатар 4G желісін белсенді жаңартуымыз бен қайта құруымыздың нәтижесі. Біздің желімізді дамыту мен кеңейтуге, оның тұрақты және сапалы жұмысына біз тек 2020-2023 жылдар аралығында 180 млрд. теңгеден астам инвестиция салдық және 2028 жылға дейін инфрақұрылымға салымдар көлемін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, сарапшылардың мәліметінше, Қазақстан ТМД мен Орталық Азияда Достастық мемлекеттерін, оның ішінде Ресейді басып озып, 5G өрістеу қарқыны бойынша көшбасшы болып табылады. Телеком секторын дамыту бойынша әлемдік рейтингтерде елді ілгерілетуге «Кселл» де елеулі үлес қосты деп есептеймін», - деді «Кселл» АҚ бас коммерциялық директоры Ольга Цой.

Ағымдағы жылы компания өз желісін дамыту мен жаңартуға инвестиция салуды жалғастыруға ниетті, оның ішінде телеком-қызметтер мен цифрлық сервистердің сапалық сипаттамаларын ұлғайту үшін 5G құрылысын салуға, сондай-ақ оператор өзінің жаңа өнімінің 5G - Kcell Auleti базасында үдемелі өсуіне және танымал болатынына сенімді.

Сонымен қатар, менеджмент операциялық тиімділік пен қаржылық тұрақтылық мәселелеріне назар аударуды жалғастырады және «Кселл» желісі мен жабдығына инвестициялардың өсуі есебінен орта мерзімді перспективада барлық негізгі көрсеткіштердің ұлғаюына үміттенеді.

Анықтама үшін:

Биржамен жұмыс жөніндегі уәкілетті тұлға
Дамир Муллашев

investor_relations@kcell.kz

Кселл туралы

Кселл - цифрлық телекоммуникациялық қызметтерді: мобильді байланыс пен орнықты байланыстың (FMC) конвергенттік қызметтерін, деректерді беру және интернетке қол жеткізуді, қаржылық сервистерді, цифрлық сервистер мен мобильді қосымшаларды, жүйелік интеграцияны, заттардың интернетін, машинааралық өзара іс-қимылды (machinetomachine), үлкен деректерді жинау және өңдеу және бұлттық есептеулер

саласындағы АТ-шешімдерді ұсынатын қазақстандық оператор. Смартфон + тариф сервисін ұсыну бойынша Қазақстандағы көшбасшы оператор.

Kcell мобильді қаржы қызметтері, мобильді теледидар, онлайн фильмдер, музыка, кітаптар мен журналдар сияқты қосымша қызметтердің арқасында, сондай-ақ корпоративтік клиенттер үшін бірегей бизнес-шешімдер әзірлеудің арқасында бәсекелестік артықшылығы бар Қазақстанның ірі цифрлық экожүйесіне айналды. Kcell сатылас, инфрақұрылымдық шешімдер стратегиясын іске асыру, инновациялық технологияларды дамыту және енгізу есебінен B2B нарығында жетекші орынға ие. 4G/LTE желісімен қамту саласы Қазақстан Республикасы халқының 67,5% -ын қамтиды және қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Kcell клиенттерге қызмет көрсетудің жоғары сапасының арқасында жоғары бәсекелі телекоммуникациялық нарықтарда өзін жақсы көрсеткен Kcell және activ брендтерімен ұсынылған. Нақты мультибрендті сәулеттің арқасында Kcell топтамалық қызметтерге қатысты оңтайлы баға белгілеу, клиенттік базаның табыстылығын және желі сапасын басқару есебінен B2C сегментіндегі бизнестің тиімділігін арттыруда.